bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ**

# Атмосфера

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 07.01.2020 | https://bilimger.kz/66277/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп:** №4 ЖББОМ | **Қысқа мерзімді жоспар бөлімі**<br>3-бөлім<br>3.2 Атмосфера | |
| **Күні:** 18.11.19-19.11-20.11 | **Мұғалімнің ТАӘ:** Тулеумухамбетова Г.С | |
| **Сыныбы:** 9 а,в,б,г | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Қазақстандағы қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін сабақ мақсаты (оқу бағдарламасына сүйеніп)** | *9.3.2.4 Қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар пайда болатын және таралатын аумақтарды картадан көрсетеді және олардан қорғану шараларын ұсынады* | |
| **Сабақ мақсаты** | **Барлық оқушылар :**<br>— Қазақстандағы қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстарды атайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі:**<br>— Қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстардың орын алу себептерін анықтайды.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>— Қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар кезіндегі ережелер мен іс-әрекеттердің жинағын ұсынады. | |
| **Бағалау өлшемі** | ***Оқушылар:***<br>— Қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар пайда болатын және таралатын аумақтарды картадан көрсетеді және олардан қорғану шараларын ұсынады. | |
| **Тілдік мақсаты** | — алуан түрлі ақпараттарды (мәтін,сызба,кескін) оқи алу дағдысын дамыту;<br>— топтық және ұжымдық жұмыс кезінде бірін-бірі тыңдау дағдысын дамыту;<br>— материалды талқылау, түсіндіру барысында географиялық терминдерді қолдану.<br>***Пәнге лайықты лексика мен терминология:***<br><br>Құрғақшылық, аңызақ жел, шаңды боран, қатқақ, көктайғақ | |
| **Құндылықтарды баулу** | Өмір бойы оқып үйрену | |
| **Пән аралық байланыстар** | Қазақ әдебиеті, тарих | |
| **Қосымша білім** | 8-сыныптың география курсының,сәйкесінше, «Физикалық география. Атмосфера» бөліміндігі «Климаттың адам өмірі мен шаруашылық жұмыстарына әсері» тақырыбы бойынша алған білімдері | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| Сабақтың басы | 1.Ұйымдастыру бөлімі<br>Білім алушыларға Абай Құнабаевтың «Қыс» мезгіліне арналған өлең жолдары оқылады. Осы жерде ақынның келер жылы 175 жылдығы айтылып өтіледі.<br>2.Үй тапсырмасы<br>«Үш қадам» әдісі арқылы тексеріледі.<br>1-қадам: Ең жоғарғы $t^0$<br>Ең төмен $t^0$<br>2-қадам: Ең жауын-шашын аз түсетін аймақ<br>Ең жауын-шашын көп түсетін аймақ<br>3-қадам: Ауылшаруашылық дақылдары егілетін аудандар<br><br>Дескриптор:<br>1. Бірін-бірі тексереді,сараптайды,бағалайды;<br>2. Ақпаратпен ынталы жұмыс жасайды.<br><br>Қалыптастырушы бағалау<br>Мадақтау арқылы,яғни «жарайсың», «жақсы», «талпын» | Кескін карта |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Слайд арқылы атмосфералық құбылыстарға қатысты суреттер көрсетіледі. Білім алушылар оларды ажыратып,ауызша түсініктеме беріп кетеді<br>Видеоролик көрсетіледі<br>Содан соң оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты таныстырылады.<br>1- тапсырма Топтық жұмыс<br>1 топ: Құрғақшылық.Қарлы боран<br>2 топ: Шаңды дауыл. Қатқақ<br>3 топ: Көктайғақ. Нөсер жаңбыр<br>4 топ : Тұман. Аңызақ<br><br>Дескриптор:<br>1. Еліміздегі таралған қолайсыз қауіпті атмосфералық құбылыстарды және туындау себептерін анықтайды<br>2. Ақпараттарды топ ішінде саралап бір – біріне бөліседі<br>2-тапсырма Картамен жұмыс<br>Оқулықтың 105 бетіндегі 52 сурет бойынша картаны пайдалана отырып, «ойынды тұжырымда» сұрақтарына жауап береді<br><br>Дескриптор :<br>1. Табиғи апаттардың орын алатын аймақтарын картадан табады.<br>2. Сұрақтарға ойланып, бірлесіп жауап береді<br><br>3-тапсырма<br>«Сиқырлы сұрақтар» әдісі арқылы деңгейлік сұрақтар беріледі</td>
<td>Ютуб желісі<br><br>Оқулық,<br>Қосымша дерек көздері<br><br>Оқулық, 105 бет 52 сурет</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың аяғы</td>
<td>«Бұл мәлімет шындық па немесе жалған ба?» әдісін қолданып, оқушыларға қателескен сұрақтарына жетелеу сұрақтарын беремін.<br>1.Көктайғақ ұзақтығы орта есеппен бірнеше минутта 1-2 сағатқа дейін болады,кейде мындай жауын-шашын бірнеше тәулікке дейін созылуы мүмкін.<br>2.Құрғақшылық ауылшаруашылығына үлкен экономикалық зиян әкеледі,өйткені ол топырақтағы ылғал қорын тауысады, оны құрғатады,өнімін жоғалтады.<br>3.Нөсер жауынның адамдар қозғалысы үшін қауіпті,себебі ол халықтың жолда жарақаттануына,жол көлік апаттарының артуына себепші болады.<br>4.Шаңды дауыл экономикаға үлкен зиян,өйткені қсімдіктердің тамырларын жалаңаштандырады, топырақ құнарын жоядығтірі ағзалар мен адамдар тыныс алу жүйесіне кері әсер етеді.<br>Дескриптор:<br>1.Берілген материалдар бойынша шындық не жалған екенін анықтайды<br>Кері байланыс<br>Бағалау бетшесі<br>Күні:<br>Оқушының аты-жөні:
<table>
<tr><th>Жаңа білім</th><th>Меңгердім</th><th>Меңгермедім</th></tr>
<tr><td>Ауа райы құбылыстардың қандай белгілері бойынша қолайсыз құбылыстарға жататындығын түсіндіре аламын.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құрғақшылық кезінде топырақты қорғауға арналған шараладың жоспарын құра аламын.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Көктайғақ кезінде өзін ұстау ережелерін құрастыра аламын.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қарлы боранға дайындалу мақсатында кеңестер бере аламын.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Үсіктің алдын алу мақсатында кеңестер бере аламын</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Тропиктік циклонға қарсы алдын алу шараларын білемін.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td>
<td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы<br>Пән аралық байланыстыр.</td>
</tr>
<tr>
<td>Оқу мақсатын оқушылардың білім деңгейіне қарай саралап,сабақ мақсатын жоспарладым.Оқушының қажеттіліктерін ескере отырып,интерактивті тақта арқылы суретпен жұмыс ұйымдастырамын.</td>
<td>Оқушылардың тақырып бойынша білімдерін тексеру үшін бағалау бетшелерін қолдануды жоспарладым.</td>
<td>1. Оқушыларды еңбек етуге баулимын.<br>2. Алдыңғы сыныпта өткен білімдерін еске түсіремін.</td>
</tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.